



Бүгін, 21 маусым күні кызылордалык түлектер ҮБТ тапсыруды бастады, тестілеуге 4143 адам немесе түлектердің 72%-і катысады.

2018-2019 оқу жылы 5755 оқушы 11-сыныпты бітірген. Қорытынды мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша 406 түлек "Алтын белгі", 264 түлек Үздік аттестатқа ие болды (2018 жылы - 320 "Алтын белгі", 215 - Үздік аттестат).

"4143 түлек немесе мектеп бітірушілердің 72%-і алдағы Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуға отініш берді. 2018 жылмен салыстырғанда қатысу 5%-ке көбейген, яғни былтыр түлектердің 67%-і қатысқан", - деді Кызылорда облысы білім басқармасының басшысы Майра Мелдебекова.

Кызылорда облысында ҮБТ 21-26 маусым аралығында 9 тестілеу пунктінде өткізіледі.

"Жыл бойы "Талдысу", "Камбаш" лагерлерінде барлық түлектер қосымша дайындық курстарынан өтті. Сонымен қатар, ата-аналар мен түлектерге психологиялық тренингтер

откізілді. Барлык тестілеу пункттері бейнебақылау камераларымен, вялы байланыс сигналын ошіретін кырылгылармен және металл іздегіштермен жабдыкталган, әрбір аудиторияга кондиционерлер орнатылган", - деп атап отті М. Мелдебекова.

Аймактын 4640 түлегі университеттерге (81%), 1000 түлек колледждерге (17%) түседі деп жоспарлануда. 628 түлек Ресей Федерациясынын 4 жоғары оқу орнына түсу емтиханын тапсырды. Бул Мәскеу ұлттық зерттеу технологиялық университеті "МБЖКИ", Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К. А.Тимирязев атындағы МАША, Мәскеу энергетикалық институты және Санкт-Петербург мемлекеттік өнеркәсіптік технологиялар және дизайн университеті. Емтиханның нәтижесі шілде айында белгілі болады.

Айта кетейік, 2019 жылдан бастап жоғары білім алуға қолжетімділікті арттыру мақсатында ҮБТ жылына 4 рет ұйымдастырылады. Қазан айында ҮБТ-ға 2392 оқушы (41,5%) қатысып, орташа балл 77 болды. Наурыз айында тестілеуді 4042 (70%) түлек тапсырды, орташа балл 83-ті құрады.

Ұлттық бірыңғай тесттің үшінші кезені 21-26 маусымда, ал төртінші кезен 17-20 тамыз аралығында өтеді.

Атап отейік, білім беру грантына тек үшінші кезеңде (21-26 маусымда) тестілеу тапсырган бітірушілер үміткер бола алады.

ҮБТ нәтижелері тестілеу күні белгілі болады. Сондай-ақ, Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында жарияланады.

ҮБТ нәтижелерін @edugovkz_bot Telegram әлеуметтік желісі арқылы білуге болады. Ол үшін түлектерге өзінің жеке тестілеу нөмірін (АКТ) енгізу қажет.

Апелляцияға өтініш ҮБТ нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия бір күнтізбелік күн ішінде қарайды.

Апелляциялык комиссиянын отырысына твсуші келмеген жагдайда онын апелляцияга берген отініші каралмайды.

Отінішті оқушынын жеке озі береді, сонымен катар пән мен сурактарды белгілеп, нақты талаптарын корсетеді. Озімен бірге жеке куәлігі мен тестілеуге Рvксат кагазы болуы керек.

Облыс әкімінін баспасөз қызметі